

ISSN 2710-1371

Қазақ тарихы  
электронды журналы

---

Electronic journal of  
Kazakh history

№ 3(183) 2024

«History and Culture» ЖШС

# ҚАЗАҚ ТАРИХЫ KAZAKH HISTORY

ЭЛЕКТРОНДЫ ЖУРНАЛЫ  
№3 (183) 2024

ELECTRONIC JOURNAL  
№3 (183) 2024

## Құрылтай және баспагер:

«History and Culture» ЖШС. Алматы, Қазақстан.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпараттар мен архивтер комитетінің мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 02.11. 2023 жылғы № KZ 38RBZ00041763 күші берілген.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады  
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

## Founder and publisher:

«History and Culture» LLP, Almaty, Kazakhstan

Periodic press publication of the Information and Archives Committee of the Republic of Kazakhstan on communication and information and (but) on registration of information agencies 02.11. Certificate No. KZ 38RBZ00041763 dated 2023 was issued.

Published 4 times a year  
(March, June, September, December)

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ

Бас редактор – **Жұматаев Ринат Серикович** – Phd, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары – жауапты редактор

**Ногайбасва Мендигуль Сагаатова** – т.ғ.к., қауымд. профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры м.а. (Қазақстан)

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**Ангела Шоттенхаммер** – тарихшы синолог, т.ғ.д., KU Leven университеті (Бельгия)

**Бабакүмар Қинаятұлы** – этнограф, т.ғ.к., Дебрецен университеті (Венгрия)

**Эврим Олчер** – этнограф, PhD, Қажы Байрам Вели университеті (Түркия)

**Алтымышева Зухра Америкүловна** – тарихшы, Phd, «Манас» Қырғыз-Түрік университеті (Қырғызстан)

**Байгабатова Назгуль Қажымуратовна** – этнограф, т.ғ.к., І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті (Қазақстан)

**Ақымбек Ералы** – Phd, археолог. Ә. Марғұлан атындағы Археология институты (Қазақстан)

**Кенжаева Наргиза Соатумуниновна** – тарихшы, Phd, Шыршық мемлекеттік университетінің Репрессия құрбандарын еске сақтау музейі (Өзбекстан)

**Ильсоева Зибегуль Сулейменовна** – тарихшы-шығыстанушы, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

**Сайлаубай Ерлан Ернарұлы** – археолог, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Елтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры (Қазақстан)

**Бесетаев Бауыржан** – археолог. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан)

**Намен Абай** – Phd, археолог. Назарбаев университеті (Қазақстан)

**Бабабеков Акбар Давурбаевич** – Phd, этнограф. Ұлықбек мырза атындағы Өзбекстан ұлттық университеті (Өзбекстан)

**Гурсой Музаффер** – Phd, археолог. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан)

**Жетпісбай Нұржан Ықсанұлы** – Phd, тарихшы. III. III. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

## EDITORIAL COUNCIL

Editor-in-chief – **Zhumatayev Rinat** – Phd, Al-Farabi Kazakh National University, Head of the Department of Archaeology, Ethnology and Museology (Kazakhstan)

Deputy editor-in-chief – executive editor – **Nogaibayeva Mendigul** – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Department of History of Kazakhstan (Kazakhstan)

## EDITORIAL BOARD

**Angela Schottenhammer** – Full Professor of Chinese Middle Period & Early Modern World History at KU Leuven (Belgium)

**Babakumar Kinayatuly** – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, University of Debrecen (Hungary)

**Evrin Ölçer Özünel** – Ethnographer, PhD, Associate Professor, Ankara Haji Bayram Veli University (Türkiye)

**Altymysheva Zuhra** – Historian, Phd, Kyrgyz-Turkish "Manas" University (Kyrgyzstan)

**Baigabatova Nazgul** – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, Zhetisu University (Kazakhstan)

**Akymbek Eraly** – Phd, Archaeologist. Margulan Institute of Archeology (Kazakhstan)

**Kenzhaeva Nargiza** – Historian, PhD, Chirchik State Pedagogical University, Memorial Museum of Victims of Repression (Uzbekistan)

**Ilyasova Zibagul** – Historian-Orientalist, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

**Saylaubay Yerlan** – Archaeologist, Candidate of Historical Sciences, Director of the Research Center "Eltanu" of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

**Besetaev Baurzhan** – Archaeologist, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

**Namen Abay** – Phd, Archaeologist. Nazarbayev University (Kazakhstan)

**Bababekov Akbar** – Phd, ethnographer. National University of Uzbekistan (Uzbekistan)

**Gursoi Muzaffer** – Phd, Archaeologist. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. (Kazakhstan)

**Zhetpisbai Nurzhan** – Phd, Historian. Institute of History and Ethnology named after Sh. Sh. Ualikhanov. (Kazakhstan)

Журналда тарих ғылымының келесі бағыттары бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (ежелгі, ортағасырлар, жаңа және қазіргі заман), археология, деректану және тарихнама, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, ағылшын. 1993 жылдан бастап шығады

Scientific works are published in the journal in the following areas of historical science: history (ancient, medieval, new and modern), archeology, source studies and historiography, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, English. Founded in 1993.

Редакциямен баспаның мекен-жайы:  
050040 Көктем-4 ы/а, 13-үй, 19 п.  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«History and Culture» ЖШС. Тел.: +77076787670.  
e-mail: qazaqtarihyjournal@gmail.com  
Журнал сайты: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

Address of the editorial office:  
050040 microdistrict Koktem-2, no. 13, apt. 19.  
Almaty, Republic of Kazakhstan

«History and Culture» LLP. Tel.: +77076787670.  
e-mail: qazaqtarihyjournal@gmail.com  
Journal site: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

**ЭТНОЛОГИЯ.  
АНТРОПОЛОГИЯ**

---

**ETHNOLOGY.  
ANTHROPOLOGY**

**Т. Картаева<sup>1</sup>, Г. Шәмшиева<sup>2,3</sup>, М. Мағзумов<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: kartaeva07@mail.ru

\*Байланыс үшін автор: kartaeva07@mail.ru

<sup>2</sup>Т.ғ.к., доцент, М.Тынышпаев атындағы Көлік және коммуникация Академиясы, Алматы, Қазақстан, e-mail: goha\_hanum@mail.ru

<sup>3</sup>аға оқытушы, докторант, Т. Жүргенов атындағы Ұлттық Өнер Академиясы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: maksat.magzum@bk.ru

**ТОРАҢҒЫ: ӨНДЕУДІҢ ДӘСТҮРЛІ ӘДІСТЕРІ,  
ЭКООРТАДАҒЫ КИЕЛІЛІГІ**

**Аңдатпа:** «Populus section Turanga» ағашының «Populus diversifolia», «Populus pruinosa» түрлерінің қазақ жерінде таралу ареалын екіге бөлуге болады: оңтүстік-шығыс және шығыс Балқаш-Алакөл ойысында Жетісудың Ақтау алқабында, Бақанас, Жаркент, Алтынемел, Зайсанда, Мойынқұмда; оңтүстік және оңтүстік-батыста Сырдария өзенінің орта және төменгі ағыстары бойындағы құмды өлкеде, Солтүстік Қызылқұмда.

Тораңғы «экологияны тазарту», «құм тоқтату», «табиғат ескерткіші» ретінде жергілікті халық үшін экологиялық қызмет көрсетеді, әрі өзі өсетін жерде орналасқан тұрғындардың өмірінің ажырамас бөлігі саналады. Қазақ халқы тораңғы ағашын тұрмыста пайдаланудың ерекше халықтық білім мен дүниетаным жүйесін қалыптастыруы «адам мен табиғат» арасындағы байланыс, табиғатты тану білімінің ерекшелігі. Тораңғы діңінен түрлі тұрмыстық, шаруашылық бұйымдар, су көлігі – қайық жасаумен қатар, сәулеттік өнер құрылысына да қолданған. Тораңғының «Қызыл кітапқа» енуімен байланысты оны шабуға тиым салынған.

**Түйін сөздер.** Тораңғы, этноботаника, биогеография, тораңғы сөлі, адам-ағаш.

**Ризашылық:** Мақала «BR18574057 «Қазақстанның оңтүстік-шығыс және шығыс аймақтарының (Шу-Іле ауданы, Тарбағатай және Алакөл алабы) мәдени мұрасын пәнаралық (археологиялық және тарихи-этнографиялық) зерттеу» мақсатты жобасы аясында жазылды.

**Сілтеме үшін:** Картаева Т., Шәмшиева Г., Мағзумов М. Тораңғы: өңдеудің дәстүрлі әдістері, экоортадағы киелілігі //Қазақ тарих электронды ғылыми журналы. 2024. Т. 183. No 3. 14–22-бб. (Қаз.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-3-3-14>

T. Kartaeva<sup>1</sup>, G. Shamshieva<sup>2</sup>, M. Magzumov<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Candidate of Historical Sciences, professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: kartaeva07@mail.ru

\*Corresponding author: kartaeva07@mail.ru

<sup>2</sup>Ph.D., associate professor, named after M. Tynyshpaev Academy of Transport and Communication, Almaty, Kazakhstan, e-mail: goha\_hanum@mail.ru

<sup>3</sup>senior lecturer, doctoral student, National Academy of Arts named after T. Zhurgenov, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: magzumov@mail.ru

**Turanga: traditional processing methods,  
its sanctity in the environment**

**Abstract:** The distribution area of trees «Populus diversifolia», «Populus pruinosa» from the family «Populus section Turanga» on the territory of Kazakhstan can be divided into two: in the southeast and east in the Balkhash-Alakol basin in the Aktau valley Zhetysu, Bakanas, Zharkent, Altynemel, Zaysan, Moyynkum; in the south and southwest in the sandy zone along the middle and lower reaches of the Syrdarya river, Northern Kyzylkum.

Turanga provides an environmental service such as «environmental cleanup», «sand stop», «natural monument» for the local population and it is an integral part of the life of the residents of the place where it grows. The use of turanga by the Kazakh people in everyday life is a feature of knowledge of nature, the connection between «human and nature» and the formation of a unique system of folk knowledge and worldview. In addition to the manufacture of various household and household items, water transport – boats, it was also used for architectural construction. It is prohibited to mow turanga due to its inclusion in the «Red Book».

**Keywords:** Turanga, ethnobotany, biogeography, toranga sap, human-tree.

**Acknowledgment:** The article was prepared as part of the scientific program: BR18574057 «Interdisciplinary (archaeological and historical-ethnographic) study the cultural heritage of the south-eastern and eastern regions of Kazakhstan (Shu-Ili, Tarbagatai and Alakol)»

**For citation:** Kartaeva T., Shamshieva G., Magzumov M. Turanga: traditional processing methods, its sanctity in the environment // Electronic scientific journal «Kazakh history». 2024. Vol. 183. No. 3. Pp. 14-22 (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-3-3-14>

## Кіріспе

Тораңғы [лат. *Populus section Turanga*] – талдар тұқымдасының [лат. *Salixacede*] теректер туысына [лат. *Populus*] жататын ағаш. Тораңғының қазақ жерінде қара тораңғы [лат. *Populus diversiolia*], ақ тораңғы [лат. *Populus pruinosa*] түрлері өседі. Қазақ жеріндегі таралу ареалын екіге бөлуге болады: оңтүстік-шығыс және шығыста Балқаш-Алакөл ойысында Жетісудың Ақтау алқабында, Бақанас, Жаркент, «Алтынемел» Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркінде, Зайсанда, Мойынқұмда; оңтүстік және оңтүстік-батыста Сырдария өзенінің орта және төменгі ағыстары бойындағы құмды өлкеде, Солтүстік Қызылқұмда. Алматы Бас Ботаникалық бағында, Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде тораңғы ғылыми зерттеу нысанында. Тораңғы ағаштары орман, тоғай, шоғыр немесе арасы сирек болса да бір біріне жақын шоғырлана өседі, дарақ өскен түрлерінің өзі шоғырдан алыс болмайды. Тораңғы шоғырымен экотуризм ескерткіші саналатын «Алтынемел» Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі, Тораңғы мемлекеттік табиғи қаумалы, Тораңғылысай мемлекеттік табиғи қаумалы Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізіміне алынған [<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000593>]. Мақалада тораңғының қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі орны мен маңызы талқыланады.

## Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақала этнография, мәдениеттану, биология, этнофольклор ғылымдарының пәнаралық байланысы тұрғысынан жазылды. Алматы, Жетісу облыстары ботаникалық қорықтарындағы тораңғыға қатысты халықтық білімдер жүйесі Сыр өңірі тораңғысын дәстүрлі пайдалану әдістерімен салыстырмалы сараптау жасалды. Тораңғыны өңдеу, пайдалану, экоортада қорғауға қатысты деректер этнографиялық экспедиция барысында жинақталды.

## Талқылау

Әлемдегі қазірге дейін сақталып қалған үш ежелгі қара тораңғы орманының бірі ҚХР Шыңжаң өлкесі, Құмыл қаласы, Аратүрік ауданында,

Бүгір ауданында, Лопнур ауданының Сопнур ауылында, Шаяр ауданында орналасқан. ҚХР-да бұл орман «*тірі қазба*» деген атқа ие. Шыңжаң аймағында тұратын халықтар арасында тораңғы «*мыңжылдық ағаш*», «*өміршең ағаш*», «*батыр ағаш*» деген атау да қалыптастырған, әрі оның құндылығы гингко ағашымен тең деп санайды. Күзде тораңғының жапырағы басқа ағашқа қарағанда кеш сарғаяды. Қазан айында ҚХР, Шыңжаңның Тарым өзенінің екі жақ жағалауындағы тораңғы орманды көруге туристер ағылып, туристерге жергілікті тұрғындармен қатар қазақтар да моторлы қайықтармен қызмет көрсетеді. 2019 жылы Шыңжаңға тораңғыны көруге келген туристер саны 871 мыңға жетіп, 2018 жылмен салыстырғанда 70,12 %-ке өскен. Шыңжаң қазағы Амут Айбутұлының «тораңғы туризмі» науқанында туристерге сервистік қызмет көрсетуден [тораңғыны қорғауды насихаттау, жолсерік болу, қолөнер бұйымдарын ұсыну] аты шыққан [Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі, 2021: 59].

Қазақ халқының арасында, дәстүрлі ортада «*тораңғыл*», «*тораңғылы*», «*тораңғылық*», «*тораңғұл*» [шоғырлы өсуіне байланысты «көп тораңғы» деген маңығасын береді], «*желтораңғыл*» [жапырағынан самал жел торғанда қоңырау сыңғырындай дыбыс шығуымен байланысты], – деп атау қалыптасқан.

«Шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен, Үйенкі, ырғай, ырғай, балғын, *тораңғылар*, Сарыағаш, койқаракат, жиде, шетен, Тобылғы, түйеқұйрық, бауырқұрттар, Қараған, базқараған, шеңгел, Шілік сықылды ағаштардың талайы бар» [Плияс Жансүгіров, Шығармалар].

«*Тораңғылдың* басын тұжырып қоятыны – елден ерек сереймесін, өзге ағаштармен тең өссін дегені, сояу болмай, жапырақты, күлтелі, паналы болсын дегені» [Жүсіпбек Аймауытов, Шығармалар].

«Қалың *тораңғұлдың* арасынан жуанын іздеп жүргенде, алдымнан әлгі илеу кездесе қалды» [Сәбит Мұқанов, Шығармалар].

Тораңғы – тұзды және құмды сусыз шөлдерде табиғи жағдайда өсе беруге қабілетті бірден-бір биік діңгекті, жапырағы мол ағаш. Ол ауаның жылылығына, желдің күші мен дым-

қылдың тапшылығына қарамай тіршілік етеді. Тораңғылдың тамыры «су сорғыш» қасиетке ие, шөлді жерде өскен күнде де суды өзіне тереңнен тартып, тамырында жинайды. Қазақ жерінде тораңғы шоғырының негізгі дені құмды жерде өсетіндіктен халық оны «шөл даланың падшасы» деп санайды. Құмды жерде шоғырлануы тораңғының тоқтататын қасиетін аша түседі.

Тораңғы ағашының этноэкология және этноботаникада алатын орны туралы ақпараттар далалық этнографиялық экспедиция барысында жинақталды. «Этноботаника» терминін алғаш рет Пенсильвания университетінің жас ботаник ғалымы Джон Харшбергер [J.W. Harshberger] университеттің археологиялық қауымдастығында оқыған баяндамасында «өсімдіктерді жергілікті халықтың қолданысы», – деп түсіндіре отырып қолданады. 1896 жылдан бастап «этноботаника» этнография мен ботаника ғылымдарының тоғысындағы пәнаралық бағыт ретінде ғылыми айналымға ене бастайды. Этноботаника – өсімдіктер, флора әлемінің алуантүрлілігімен қатар, эко ортадағы маңыздылығын, өсімдіктердің этногеографиясын, этноландшафқа бийімділігін, өсімдіктермен байланысты атаулар жүйесін, өсімдік фольклорын, өсімдіктердің халықтық медицинада, магияда, тұрмыста, шаруашылықта қолданысын, халық қажетіне пайдалану үшін дәстүрлі өңдеу жолдарын қоса зерттейді [Этноботаника: растения в языке и культуре, 2010: 7-8]. Географияның ғылым ретінде қалыптасуы, өсімдіктердің таралу ареалын қоса зерттеумен, яғни биогеографиямен қатар дамыды [Воронов, т.б., 2003: 11-14]. Тораңғының таралу ареалындағы қазақтардың табиғатты дәстүрлі игерудегі халықтық білімдер жүйесіндегі аймақтық ерекшелік тораңғыны дәстүрлі қолданудан да көрінеді.

## Нәтижелер

### *Тораңғының аңыз, киелі келбеті*

Халықтың тораңғы ағашын қасиетті, киелі санауымен байланысты бірнеше аңыз желістері бар. Аңыз бойынша тораңғы қыз бен жігіт екен. Ертеде бір қыз бен жігіт бір-біріне ғашық болып, ата-анасының қарсылығымен қосыла алмай, шөл далаға қашып, ағашқа айналып қосылыпты – мыс. Тораңғы ағашы діңінен көз жасап, ішін қызыл сөлге толтырады. Аңызға сәйкес сол қызыл сөл – «тораңғының көз жасы». Қазақты танымда, тораңғы ағашын *еркек*, *ұрғашы* деп бөліп

қараған, адам сияқты дем алады, – деп, тораңғы түбінде ұйықтауға тиым салған.

Халық арасында тараған тағы бір бойынша, ертеде жаугершілік заманда тораңғыдан жасалған бесікке баланы жатқызып, қатты таңып байлап, Сырдария өзенімен ағызып жіберген. Тораңғы бесік жеңіл болады, суға батпай бетімен қалқып баланы келесі елді мекенге аман-есен жеткізеді. Тораңғының қасиеті мен баланың періштесі бірге үйлеседі. Осылайша аман қалып ұрпағын сақтаған-мыс. Тағы бір аңыз желісінде Қорқыттың қобызы тораңғыдан шабылған. Асанқайғының саяғы, асатаяғы тораңғыдан болған, түйегі мініп жерұйықты іздеп кетерде жерге асасын шаншып кетеді, Сырдың бойында сол асатаяқтан тораңғы көбейеді [ДК-3].

Тораңғы ағаштың ерте кезден өсетіндігін қариялар «ғұндар заманынан бар ағаш» [жергілікті қариялар тілінде «өте ерте заманда» деген мағынада], ал қалжыңмен жауап берсе «атамның бала күнінде болған ағаш», «мыстан кемпірмен күрдас ағаш», – деп түсіндіреді [ДК-5]. Бұл тораңғы ағашының өміршеңдігіне деген халықтың түсінігі. Тораңғының қасиетті саналуымен байланысты халық арасында «адам-ағаш» танымына ие [Картаева, 2022: 342-351]. Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов «Бір түп тораңғы» атты повесінде басты кейіпкерді тораңғы ағашына теңеген [Жұмаділов, 2004].

Ұзақ жасайған, қартайған адамға «тораңғыдай» деген теңеу айтады.

«Тораңғытанушы» ботаник-ғалым Л.Б.Скупченко 1952 жылы Балқаш маңынан биіктігі 30 м., діңі 1,5 м тораңғыны тіркеген. Ол тораңғы естелігінде: «...шілденің аяғына таман күндізгі ыстық кезінде біз Қара тораңғыл сайында жиырма жыл өскен тораңғылды аралап кестік. Ағаш құлағанда оның діңінің шеткері бөлігінен ауаның қатты бір күшпен сыртқа шыға бастағаны сондай, 10 метр қашықтықтың өзіне ызың естілді, өйткені дің мен бұтақтағы су жапырақтардың көмегімен тез буланады да, оның орнына ығысқан ауа дыбысын шығарады. Жапырақтардың көптігіне орай ызың біртіндеп басылды да, бір сағат өткесін мүлдем тыншыды», – деп жазған екен. С.Пірназардың ел арасынан жинаған: «Шөл далада өсіп тұрған ірі ағаштардың түбінде судың жиналып қалатыны жиі байқалады. Ол сулар ұдайы төмен қарай ағып, маңайына шыбын-шіркей жинайды. Мұндағы су мөлшері 25 литрге дейін барады екен. Су ауаға шыққаннан кейін қышқылданып, қан іспеттес қоңыр-қызыл түске боянады. Осылай

ерекше үн шығаратын немесе қанға ұқсас су жинайтын қасиеттеріне орай жұрт тораңғылды ерекше киелі ағаш санайды. Қасиеті бар болса, бар шығар, тораңғылдың гүл шашып жатқан

кезінде оның көлеңкесіне жатып, ұйықтап қалуға болмайды деседі», – деген мәліметтері де тораңғының киелі саналатын қасиетін аша түседі [Пірناзар, 2008].



**1-сурет.** Тораңғы тоғай. Алматы облысы. Бақанас.

**Рис.1.** Туранговая роща. Алматинская область. Бақанас.

**Fig.1.** Turanga grove. Almaty region. Bacanas.

Тораңғының қасиетті саналуының тағы бір қыры тораңғы мен құс арасындағы байланыста жатыр. *Тораңғы ұя* – тораңғы ағашының басына тораңғының өзінің майда бұтақтарынан салынған құс аясы. Қазақтар арасында «*тораңғының басына құс ұя салмайды*», – деген сөз тараған, бұл «*тораңғының басына құстар басқа ағаш, тал-шыбықтан ұя салмайтынын*» білдіреді. Тораңғы мен құс бір-бірімен сөйлесе алатындай. Басына мекендеуге келетін құсқа тек өз бұтағының сынығынан ұя салуға рұқсат беретін тілдесу арқылы жеткізгендей.

Тораңғының қасиетті саналуының бір сыры оның «қанауында». Халық «*тораңғы қанайтын ағаш*» деп сипаттайды. Тораңғы арасында белгілі бір түрлері өзінің бойынан қуыс орын жасап,

онда қызыл сөл жинайды. Халық оны бойындағы тамырынан шыққан «қан» деп танып, отынға жаққызбайды. Тораңғының қан-сөлі қасиетті, шипалы саналған. Осы сөл шығаратынын кеспеген, себебі қуысқа жиналған суды құстар ішіп, құс таңдайын жібіткен. Күннің аптап ыстығында тораңғы сөлі мұздай болады, қыста қатпайды. Сөлдің түсі қызыл болғанымен, тұзды келеді [ДК-6].

Тораңғы сөлінен 1-ші, 2-ші үлгілер Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Аманкелді ауылы тораңғы тоғайынан, 3-ші үлгі Қызылорда облысы Орман шаруашылығы қорығынан алынды. Сараптама нәтижесі тораңғы қызыл сөлінің құрамында темір, стронций, алюминий элементтері басым екенін көрсетті.

**Тораңғы сөлі үлгілеріне «ИСП-МС» әдісімен жасалған сараптама**  
[Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Физика-химиялық әдістерді зерттеу  
және сараптама орталығы. 2022 ж, қазан айы]

Элемент	Нәтижесі		
	Үлгі 1	Үлгі 2	Үлгі 3
Литий [Li]	152 мкг/мл	160 мкг/мл	2,71 мг/кг
Магний [Mg]	70,6 мг/л	68,9 мг/л	2,60 г/кг
Алюминий [Al <sup>3+</sup> ]	116 мкг/мл	127 мкг/мл	359 мг/кг
Калий [K]	табылмады	2,43 г/л	72,4 г/кг
Кальций [Ca]	8,41 мг/л	7,62 мг/л	2,89 г/кг
Ванадий [V]	табылмады	табылмады	табылмады
Хром [Cr <sup>6+</sup> ]	табылмады	табылмады	68,8 мг/кг
Марганец [Mn]	34,2 мкг/мл	26,4 мкг/л	21,6 мг/кг
Темір [Fe]	343 мкг/мл	494 мкг/мл	699 мг/кг
Кобальт [Co]	табылмады	табылмады	табылмады
Никель [Ni]	19,9 мкг/мл	18,6 мкг/мл	46,8 мг/кг
Мыс [Cu]	44,5 мкг/мл	185 мкг/мл	14,3 мг/кг
Цинк [Zn]	48,5 мкг/мл	36,7 мкг/мл	16,8 мг/кг
Мышьяк [As]	табылмады	табылмады	табылмады
Селен [Se]	табылмады	табылмады	табылмады
Стронций [Sr <sup>2+</sup> ]	598 мкг/мл	561 мкг/мл	58,3 мг/кг
Күміс [Ag]	табылмады	табылмады	табылмады
Кадмий [Cd]	табылмады	табылмады	табылмады
Цезий [Cs]	табылмады	табылмады	табылмады
Барий [Ba <sup>2+</sup> ]	51,2 мкг/мл	33,3 мкг/мл	5,86 мг/кг
Сынап [Hg]	табылмады	табылмады	табылмады
Таллий [Tl]	табылмады	табылмады	табылмады
Свинец [Pb]	табылмады	табылмады	табылмады

*Дәстүрлі игеру*

Тораңғы ағашының кейбірі белгілі бір жасқа жеткенде өз діңінің ішінен қуыс жасаған. Сыр өңірінің Қызылқайың елді мекенінде басқа ағаш түрінің тапшылығына байланысты тораңғы ағашын тұрмысқа, шаруашылыққа пайдалану үшін кесу қалыптасқан. Тораңғы ағашын ақпан айында қыстың суығынан қатып тұрған кезінде, қажетіне жарататынын ғана, құран оқып кескен. Алладан тораңғыны кесуге рұқсат сұраған.

Тұрмыста, шаруашылықта қолданысына қарай, жергілікті «тораңғыл» атауымен *тораңғыл шаңырақ, тораңғыл келі, тораңғыл күбі, тораңғыл ер, тораңғыл бесік, тораңғыл астау, тораңғыл аса, тораңғыл тез, тораңғыл қада, тораңғыл қора, тораңғыл қос, тораңғыл қоршау, тораңғыл құдық, тораңғыл ұя, тораңғыл қайық,*

*тораңғыл қан, тораңғыл су, тораңғы белағаш* сөздері қалыптасқан [ДҚ-1-8].

Ағашшылар тораңғы ағашын шабарда балғамен ұрып көрген, даусы тыңқылдап шықса, діңі тығыз қатты саналған. Ал, күңгірлеген дауыс шықса онда ол тораңғының іші қуыс саналып, оны айран пісетін, май шайқайтын күбі, ер тартатын ағаш астау жасауға кескен. Шабылған тораңғының діңінің қабығын аршып алып тастап, жер суық кезінде құмды жерге кемі 6 айға көміп тастаған, бұл әдісті «құмға пісіру» дейді. Қабығы аршылып тасталған тораңғы одан сайын берік болып, діңі қатып қалған, әрі қабығын аршып тастау арқылы күрт-құмырсқа түсуден қорғаған.

Тораңғы ағашы діңінен дән түйетін келі, киіз үйдің шаңырағының шеңберін, күлдіреуішін жа-

саған, ер қосқан. Тораңғыдан шабылған ер мен тораңғыдан қосылған бесік жеңіл болған.

Тораңғы ердің екі түрі кездеседі, бірі жас балалар мен жас жігіттерге арналған шағын қазақы түрі, екіншісі денесі ірі, салмақты ер адамға арналған құранды ер түрі [ДК-6; ДК-8].

*Тораңғы күбі.* Айран пісетін күбіні ортасы табиғи қуыс тораңғыдан жасап, темірмен құрсаулаған. Ортасында табиғи қуысы бар тораңғылды қабығын аршып, құмға пісіріп алған соң, ішкі

ойығып екі жақ қуысынан алма-кезек сүргілеп, жонып тегістеп алған соң түбінің ішкі ойығы көлемін өлшеп, бүтін тораңғы кесіндісін салып, темірмен қатты етіп қысып құрсаулып тастайды. Піспегінің басын ауыр тарту үшін жиде бұтағынан жасаған. Тал, жиде шыбықтарынан құрас-тырған күбімен салыстырғанда жеңілдеу келеді [ДК-7]. Бүтін ойылған тораңғы күбінің бірегей үлгісі «Анаға құрмет» музейі экспозициясына қойылған.



**2-сурет.** Тораңғы ер. Шиелі, Қызылқайың ауылы.

**Рис.2.** Седло из туранги. Кызылординская область, Шиели, село Кызылкаин  
**Fig.2.** The saddle is made of turangi. Kyzylorda region, Shieli, Kyzylkayin village.



**3-сурет.** Бүтін ойылған тораңғы күбі: а) «Анаға құрмет» музейі, Алматы облысы;  
ә) Қызылорда облысы, Шиелі, Ыбырай Жақаев атындағы күріш өсіру тарихи музейі.

**Fig.3.** Whole carved «kuby» for making a fermented milk product from toranga: a) Museum «Honor for the Mother», Almaty region; b) Kyzylorda region, Shieli, Historical Museum of Rice Growing named after Ybyrai Zhakaev.

Тораңғылдың жуан дінінен келі жасау әдісі басқа ағаш келілермен бірдей [ДК-4; ДК-8].

Жеңіл болғандықтан ертеде қазақы қайық жасауға да қолданған. Қызылқайың өткелі ертеден Сырдария үстіндегі көш-керуен жолын жалғап жатты. Тораңғы қайықпен өткелден адамды, жүкті өткізуді кәсіп еткен қайықшылар, ескек-

шілер болған. Жүк қайықтарының ағаштарын тораңғыдан кесу осы өңірдегі табиғатты дәстүрлі игерудің аймақтық ерекшелігін көрсетеді. Себебі Қызылқайық өңірінде ағаштың басқа түрі тапшы [ДК-5]. Сыр тораңғысынан жасалған жүк қайықтың бір түрі қазіргі таңда Отырар музейінің ашық экспозициясында сақтаулы.



**4-сурет.** Тораңғы келі. Шиелі, Қызылқайың ауылы.

**Fig.4.** The stupa is made of turangi. Kyzylorda region, Shieli, Kyzylkayin village.



**5-сурет.** Тораңғы жасалған жүк қайық. Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығы. Археолог М.Елеуов фотосы.

**Fig.5.** Cargo boat made of turanga. Otyrar State Archaeological Museum-Reserve. Photo by archaeologist M. Eleuov.

Ортасы қуыс тораңғыл діңін екіге жарып, ет тартатын астау жасауға өңдеген. Тораңғыл астау да жеңіл болған [ДК-1].

*Тораңғы шаңырақ* – тораңғыл ағашы бұтақтарынан өңдеп жасалған киіз үйдің шаңырағы. Тораңғы өсетін Сыр өңірінің Қызылқайың елді мекенінде жергілікті ағашшылар тораңғы діңін киіз үйдің шаңырағын жасауға қолданған, ал уығы мен керегелеріне тал ағашы бұтақтарын қолданған. Бұл өңірде тораңғыл бұтақтарының тек шаңыраққа тандалуы тораңғы бұтағының қатты беріктігімен және тораңғыны қасиетті санауымен байланысты. Тораңғы бұтақтары түсу, ұзын болмайды, қысқа, әрі иреңдеп өскендіктен шаңырақтың шеңбері мен күлдіреуішіне кесуге ыңғайлы, ал уық, кереге жасауға қолайсыз болған, сондықтан Қызылқайыңда тораңғыдан киіз үйдің шаңырағын ғана соққан [ДК-5].

*Тораңғы қада/тораңғы қора*. Кесілген тораңғыл ағашының бұтақтарының ірілерінің қабығын аршып, кесіп малқораға қада-баған қағуға, жертөле, жеркепе үйлердің ұстынын қағуға, итарқасын жабуға пайдаланған.

Ертеде Қызылқұмда қыстауда отырған қазақтар құмтөлерден дауыл тұрғанда құм сусылдап көшпес үшін, құм тоқтату мақсатында тораңғыл мен сексеуіл бұтақтарын кіріктіре отырып, қоршау жасаған [ДК-2; ДК-5; ДК-6].

*Тораңғы аса*. Сыр өңірінде тораңғы бұтағынан ғұрыптық, магиялық ролі зор саналатын асатаяқ жасаған. [ДК – 3].

*Тораңғы белағаш* – кесене, зираттардың ұстынына, іргетасына салынған, күйдірілген қышпен немесе шикі кірпішпен қоса өрілген тораңғы діні. Құрылысқа белағаш ретінде тандалған дінді де қабығынан аршып, құмға пісіріп [көміп], қатырып алғаннан кейін салған. Құмда табиғи

піскен тораңғы кесенемен бірге ұзақ жылдарға қызмет еткен [ДК-1; ДК-5; ДК-6].

Қазіргі таңда тораңғы ағашы қорғауға алынғандықтан тоғай мен жеке-дара өсетін тораңғылар да қорғауға алынғандықтан кесу тоқтағанымен, Сыр өңірінің Қызылқайың ауылында басқа ағаштың тапшылығына орай қада-баған үшін ірі тораңғының діңін емес, бұтағын кесіп алу немесе жас тораңғының діңін рұқсат алып кесу ішінара кездеседі. Тораңғыны «құмға пісіріп» өңдеп, тұрмыстық бұйым жасау әдісін меңгерген ағашшылар қазіргі таңда қалмаған.

### Қорытынды

Ертеде, яғни дәстүрлі кезеңде тораңғы ағашы өзі өсетін жерде орналасқан тұрғындардың өмірінің ажырамас бөлігі болған десек артық емес. Қазақ халқы тораңғы ағашын тұрмыста пайдаланудың ерекше халықтық білім мен дүниетаным жүйесін қалыптастыруы «адам мен табиғат» арасындағы байланыс, табиғатты тану білімінің ерекшелігі. Тораңғы діңін тұрмыс, шаруашылық қажетін өтеуге қолданатын бұйым жасаумен қатар су көлігіне, сәулеттік өнер құрылысына қолданды. Қытайдың Шыңжаң өлкесінде де қара тораңғы діңінен үй қабырғасын көтерген, үстел т.б. тұрмыстық бұйымдар жасаған. Қазақтар ағысы қатты Сырдария үстінен тораңғы жүк қайығымен кесіп өтсе, Шыңжаңдықтар Тарым өзенінің үстіндегі су жолдарын тораңғы қайықпен жүзіп өткен. Қазақстан және әлем елдерінде тораңғы қатаң қорғауға алынуымен қатар «экологияны тазарту», «құм тоқтату», «табиғат ескерткіші» ретінде экотуризмді ынталандыруға тораңғы жергілікті халық үшін қызмет етуде.

### Далалық экспедицияда ақпарат берген дерек кісілер.

ДК-1. Әбіласан Ғарифолла. 1974 ж.т., руы қылыш-қожа. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Аманкелді ауылы. Қожа жолаушы қорымы шырақшысы.

ДК-2. Әлиев Дастан. 1986 ж.т., руы қыпшақ – шашты. Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ортақшыл ауылы, Қызылқайың ауылдық округі.

ДК-3. Әлиқожақызы Гүлбану. 1959 ж.т., руы дуана – мәді қожа, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Аманкелді ауылы.

ДК-4. Бекова Балагүл. 1961 ж.т., руы қыпшақ – бессары. Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ортақшыл ауылы, Қызылқайың ауылдық округі.

ДК-5. Жұмашев Ертіс. 1963 ж.т., руы қыпшақ – абыз, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ортақшыл ауылы, Қызылқайың ауылдық округі.

ДК-6. Жұмашев Қанағат. 1979 ж.т., руы қыпшақ – абыз, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ортақшыл ауылы, Қызылқайың ауылдық округі.

ДК-7. Нарбаев Жалғасбек. 1968 ж.т., руы қыпшақ – шашты, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ортақшыл ауылы, Қызылқайың ауылдық округі.

ДҚ-8. Ысқат Асқар. 1971 ж.т., руы қыпшақ – шашты, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ортақшыл ауылы, Қызылқайың ауылдық округі.

ДҚ-9. Меңдіоразев Төлеубай, 1961 ж.т., руы шекті – кішкене-асан, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бегімана қонысы.

### Әдебиеттер

*Воронов А.Г., Дроздов Н.Н., Кривоуцкий Д.А., Мяло Е.Г.* Биogeография с основами экологии. Учебник. М., ИКЦ «Академкнига», 2003. 408 с.

*Жұмаділов Қ.* Он екі томдық шығармалар жинағы. 3-том. Бір түп тораңғы. Повесть. Алматы: Қазығұрт, 2004. 445 б.

*Картаева Т.* Сыр-Арал этнографиясы. Алматы: Qazaq kitap, 2022. 512 б.

Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі экологиялық өзгерістердің куәсі – кара тораңғы. Көршілес журналы. №1, 2021. Б.56-59.

*Пирназар С.* Тораңғы тоғайы: Тораңғы ағашы туралы. Дала мен қала газеті. №4 (232), 01.02.2008. 7 б.

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 593 қаулысы /<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000593> (Қаралған күні: 01.04.2024.)

*Этноботаника: растения в языке и культуре / Сборник.* Отв ред.: В.Б. Колосова, А.Б. Ипполитова. – Acta linguistica Petropolitana. Труды Института лингвистических исследований РАН. Том 6. СПб.: Наука, 2010. 386 с.

*Экспедициялық жазбалар: Жетісу облысы, Жаркент – 2023 ж.; Қызылорда облысы, Шиелі, Сырдария аудандары – 2022 ж.*

### Referenses:

*Voronov A.G., Drozdov N.N., Krivoluckij D.A., Mjalo E.G.* Biogeografiya s osnovami yekologii. Uchebnik. [Biogeography with basics of ecology. Textbook.] М., ИКЦ «Академкнига», 2003. 408 с.

*Zhumadilov K.* On eki tomdyk shygarmalar zhinagy 3-tom. Bir tup torangy. [A collection of works in twelve volumes. Volume 3. It's dark at the turanga]. Povest'. Алматы: Kazygurt, 2004. 445 b.

*Kartaeva T.* Syr-Aral yetnografiyasy [Syr-Aral ethnographies]. Алматы: Qazaq kitap, 2022. 512 b.

*Kytaidyn Shynzhan olkesindegi yekologiyalyk ozgeristerdin kuasi – kara torangy. Korshiles zhurnaly.* [The witness of environmental changes in the Xinjiang region of China is dark. Neighborhood magazine.] №1, 2021. B.56-59.

*Pirnazar S.* Torangy togayi: torangu agashy turaly. Dala men kala gazetii. [Turanga Grove: About the turanga Tree. Field and city newspaper] №4 (232), 01.02.2008. 7 b.

*Respublikalyk manyzy bar erekshe korgalatyn tabigi aumaktardyn tizbesin bekitu turaly.* KR Ykimetinin 2017 zhylygy 26 kyrkuektegi №593 kaulysy [On approval of the list of specially protected natural territories of republican importance. Resolution No. 593 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated September 26, 2017] /<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000593> (Date: 01.04.2024.)

*Yetnobotanika: rasteniya v yazyke i kul'ture.* Sbornik. [Ethnobotany: plants in language and culture. Collection.] Otv red.: V.B. Kolosova, A.B. Ippolitova. – Acta linguistica Petropolitana. Trudy Instituta lingvisticheskikh issledovaniy RAN. Tom 6. SPb.: Nauka, 2010. 386 s.

*Jekspediciyalyk zhazbalar: Zhetisu oblysy, Zharkent – 2023 zh.; Kyzylorda oblysy, Shieli, Syrdariya audandary – 2022 zh.* [Expedition records: Zhetysu region, Zharkent – 2023; Kyzylorda region, Shieli, Syrdarya districts – 2022]

---

## МАЗМҰНЫ

### Ортағасырдағы Қазақсан тарихы

<i>Хабижанова Г.Б.</i> Тарихи топонимика және сакральді топография .....	4
---	---

### Этнология. Антропология

<i>Картаева Т., Шәмишева Г., Мағзумов М.</i> Торанғы: өндеудің дәстүрлі әдістері, экоортадағы киелілігі .....	14
<i>Аманова Бахар Тоғиғ қызы</i> Халық жазушысы Әли Валиев еңбектеріндегі Қарабақ ауыл шаруашылығының этнографиясы .....	23
<i>Әлиев Асад Танирверди оглы</i> Грузин өзірбайжандары мен Кавказда тұратын кейбір түркітілдес халықтардың өміріндегі бірдей және әртүрлі әдет-ғұрыптар мен нанымдар туралы .....	30

### Археология

<i>Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Шаймуханова Д.С.</i> Тарбағатай теріскейіндегі қола дәуірінің Белбастау қорымы .....	36
<i>Үмітқалиев Ү., Искаков Қ.</i> Қазақ халқының жерлеу ғұрпындағы рәсімдердің археологиялық деректермен сабақтастығы .....	45

### Рецензия

<i>Махат Д.А.</i> Тәуелсіз елдің тұңғыш ғылым докторы, академик Ханкелді Әбжановтың көп томдығы туралы .....	52
---	----

---

## CONTENTS

### Medieval history of Kazakhstan

<i>Khabizhanova G.B.</i> Historical toponymy and sacred topography .....	4
---	---

### Ethnology. Anthropology

<i>Kartaeva T., Shamshieva G., Magzumov M.</i> Turanga: traditional processing methods, its sanctity in the environment.....	14
<i>Amanova Bahar Tofiq gizi</i> Karabakh agriculture created by the people's writer Ali Valiyev.....	23
<i>Aliyev Asad Tanirverdi oglu</i> About the same and different customs and beliefs in the life of Georgian Azerbaijanis and some turkic-speaking peoples living in the caucasus.....	30

### Archaeology

<i>Zhumatayev R.S., Shakenov S.T, Shaimuhanova D.S.</i> A bronze age cemetery Belbastau on the northern slope of Tarbagatai .....	36
<i>Umitkaliev U., Iskakov K.</i> The continuity of rituals in the funeral rites of the kazakh people with archaeological data .....	45

### Review

<i>Mahat D.A.</i> The first doctor of science of an independent country, academic about the many volumes of Hankeldi Aabjhanov.....	52
--	----